



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 18 маусымдағы № 80 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 19 маусымда № 39019 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармағын қоспағанда алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Ұлттық экономика министрі

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылыс

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Су ресурстары және ирригация

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14778 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) тартышқа арналған электр энергиясы – жоспарлы көлемін бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясының көтерме сауда нарығында жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтерді және (немесе) базалық бағалардың нақты мәндері бойынша локомотивтік тарту қызметтерін жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері сатып алатын электр энергиясы (нақты тұтыну жоспарлы көлемнен ауытқыған кезде электр энергиясы сатып алынады немесе электр энергиясының теңгерімді нарығында сатылады).";

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

"16-1. Теміржол көлігімен жүк тасымалдау жөніндегі қызметтерді және (немесе) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсететін Субъектіде келісілген шекті бағада ескерілген тартқышқа арналған электр энергиясын сатып алу мен беру және отынды сатып алу бойынша шығыстар мен тартқышқа арналған электр энергиясын сатып алу мен беру, отынды сатып алу бойынша нақты шығыстар арасында айырманың ұлғаюы нәтижесінде залалдар туындаған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі туындаған залалдарды ескере отырып шекті бағаны түзетеді.

Субъект келісілген шекті бағада ескерілген тартқышқа арналған электр энергиясын сатып алумен, берумен және отынды сатып алумен байланысты шығындар және тартқышқа арналған электр энергиясын сатып алу және беру және отынды сатып алу бойынша нақты шығыстар бойынша негізсіз кіріс алған жағдайда уәкілетті органның ведомствосы немесе оның аумақтық бөлімшесі негізсіз алынған кіріс сомасына шекті бағаны түзетеді."

31-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) еңбек заңнамасына сәйкес еңбекке ақы төлеу жүйесінде көзделген еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемақыларды қоса алғанда, персоналдың еңбегіне ақы төлеуге арналған шығыстар ескеріледі, бұл ретте еңбекке ақы төлеу шығыстарын айқындау кезінде персоналдың (әкімшілік-басқару және өндірістік) нормативтік саннан (болған жағдайда) аспайтын нақты саны және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляцияны) ескере отырып қолданыстағы бағамен қабылданған орташа айлық жалақы немесе персоналдың (әкімшілік-басқару және өндірістік) нормативтік санынан (болған жағдайда) аспайтын, бірақ субъект персоналының нормативтік санынан аспайтын нақты саны және субъект қызмет көрсететін өңірдегі (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес өтінім берілген жылдың алдындағы жылғы статистикалық деректер бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақы есепке алынады.

Субъект қызметтерді көрсететін өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес өтінім берілген жылдың алдындағы жылғы статистикалық деректер бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін (инфляцияны) ескере отырып қолданыстағы бағамен қабылданған орташа айлық жалақыдан жоғары болған жағдайда қабылданады.

Субъектінің қолданыстағы шығыстар сметасында экологиялық апат және радиациялық тәуекел аймақтарында тұрғаны үшін қосымша ақылар болмаған жағдайда орташа айлық жалақыға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тиісті қосымша төлемдер қолданылады;"

2. "Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19242 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

6-қосымшаның 2-нысаны және 7-қосымшаның 3-нысаны осы Тізбенің 1 және 2 қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19617 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Уәкілетті органның ведомствосы тарифті бекіту үшін субъект уәкілетті орган белгілеген цифрлық жүйе арқылы электрондық нысанда өтінім ұсынады.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Бекітілген тарифтік сметаны тарифті жоғарылатпай өзгерту үшін субъект ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде қағаз немесе белгіленген уәкілетті орган белгілеген цифрлық жүйе арқылы электрондық нысанда уәкілетті органның ведомствосына бекітілген тарифтік сметаны тарифті жоғарылатпай өзгерту туралы өтінішпен жүгінеді.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Тарифтің қолданылу кезеңінде субъект жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылғы 1 мамырдан кешіктірмей осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша уәкілетті орган белгілеген цифрлық жүйе арқылы электрондық нысанда бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті уәкілетті органның ведомствосына ұсынады.

Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып тарифті бекіту кезінде субъект жыл сайын уәкілетті органның ведомствосына, мемлекеттік органға не жергілікті атқарушы органға есепті жылы нақты қол жеткізілген кірістер, шығыстар, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен субъектілер қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді ұсынады.

Тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісі қолданылған есеп реттеуші жыл аяқталғанға дейін екі ай бұрын ұсынылады.

Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке қоса берілетін есеп-қисаптар мен негіздеуші материалдарды субъект реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды.";

208-8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"208-8. Субъект реттеу кезеңі басталғанға дейін жүз жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның ведомствосына осы Қағидаларға 143-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша тарифтерді бекітуге арналған өтінім береді. Өтінім уәкілетті орган белгіленген цифрлық жүйе арқылы электрондық нысанда ұсынылады және осы Қағидаларға сәйкес ұсынылатын жол берілетін кірістің барлық құрауыштарын, ұсынылатын тарифтерді қамтиды.";

208-35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"208-35. Инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімді уәкілетті орган белгіленген цифрлық жүйе арқылы электрондық нысанда:

Субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген субъект уәкілетті органның ведомствосына және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға бір мезгілде;

осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді және жіберілген субъектілерді қоспағанда, Субъектілердің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілген субъект уәкілетті органның

ведомствосына және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға және (немесе) жергілікті атқарушы органға бір мезгілде ұсынады.

Инвестициялық бағдарлама тарифтің қолданылу мерзіміне бекітіледі.

Тариф белгілеудің ынталандырушы әдісі бойынша инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын бекіту осы Қағидалардың 341-тармағында көзделген құжаттарды ұсына отырып, тиісті реттеу жылына арналған іс-шараларды кейіннен бекітумен бір жылға және одан астамға бекітуге жол беріледі және оны уәкілетті органның ведомствосы және тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган және (немесе) субъектінің инвестициялық бағдарламасының жобасын қарайтын жергілікті атқарушы орган ол бекітуге ұсынылған күннен бастап қырық бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Егер инвестициялық бағдарлама бір немесе одан астам жылға бекітілген жағдайда келесі реттеу жылдарына инвестициялық бағдарламаны орындауға арналған сома реттеу кезеңінің әр жылына бөлінеді және амортизациялық аударымдар мен пайданы ескере отырып түзетіледі.".

Тізбеге 1-қосымша
Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
6-қосымша
2-нысан

Мынадай реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша қызмет тиімділігінің көрсеткіштерін бағалау үшін пайдаланылатын құрылымдық параметрлердің ең аз тізбесі

Электр энергиясын беру саласында:

электр энергиясын беру.

Электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру саласында:

электр энергиясын желіге босатуды және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру.

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру саласында:

электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

Р/с №	Құрылымдық параметрлер	Өлшем бірлігі
1.	Қосылған тұтынушылар (абоненттер) саны	мың тұтынушы
2.	Желілердің жалпы ұзындығы (электр энергиясын беру саласындағы электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ғана)	мың километр
3.	Күш трансформаторларының саны (электр энергиясын беру	дана

	саласындағы электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ғана)	
4.	Күш трансформаторларының жалпы қуаты (электр энергиясын беру саласындағы электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ғана)	мегаватт/сағ
5.	Желілердегі жыл ішінде тіркелген ең жоғары жүктеме (электр энергиясын беру саласындағы электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін ғана)	киловольт
6.	Бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемі	киловатт/сағ
7.	Қызмет көрсету аумағы	шаршы километр

Ескертпе:

егер құрылымдық параметр реттеліп көрсетілетін қызмет үшін қолайлы болмаған жағдайда, мұндай құрылымдық параметр осындай реттеліп көрсетілетін қызмет үшін ескерілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау саласында:

шикі немесе тауарлық газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін газ таратушы жүйелер арқылы тасымалдау;

сұйытылған газды топтық резервуарлық қондырғыдан тұтынушыны қосатын кранға дейін газ құбырлары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды сақтау.

Р/с №	Құрылымдық параметрлер	Өлшем бірлігі
1.	Қосылған тұтынушылар саны (абоненттер)	мың тұтынушы
2.	Газ құбырларының жалпы ұзындығы	мың километр
3.	Газ құбырларының/газ тарату жүйесінің жалпы қуаты	мың текше метр
4.	Газ құбырларындағы/газ тарату жүйелеріндегі ең жоғары қысым	МПа

5.	Бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемі	мың текше метр
----	--	----------------

Топырақтың жылуын, жерасты суларын, өзендерді, су қоймаларын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылысжайларының сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау саласында:

жылу энергиясын өндіру;

жылу энергиясын беру және бөлу;

жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу;

жылу энергиясын, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау.

Р/с №	Құрылымдық параметрлер	Өлшем бірлігі
1.	Қаланың қосылған объектілерінің саны	дана
2.	Құбырлардың жалпы ұзындығы	мың километр
3.	Қазандықтың жылу қуаты	гигакалории/сағ (мегаватт/сағ)
4.	Сорғылардың қуаты	мегаватт/сағ
5.	Желілердегі ең жоғарғы жүктеме	мың Гкал
6.	Бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілген қызмет көлемі	мың Гкал

Ескертпе:

егер құрылымдық параметр реттеліп көрсетілетін қызмет үшін қолайлы болмаған жағдайда, мұндай құрылымдық параметр осындай реттеліп көрсетілетін қызмет үшін ескерілмейді.

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:

сумен жабдықтау көрсетілетін қызметтері;

суды магистральдық құбырлар арқылы беру;

суды таратушы желілер арқылы беру;

суды арналар арқылы беру;

тірек гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жер үстіндегі ағынын реттеу;

су бұру қызметтері;

сарқынды суларды бұру;

сарқынды суларды тазарту.

Р/с №	Құрылымдық параметрлер	Өлшем бірлігі
1.	Қосылған тұтынушылар (абоненттер) саны	мың тұтынушы (абонент)
2.	Су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы	мың километр
3.	I,II көтерілімдер сорғы станциялары мен су тазарту құрылысжайлары трансформаторлық тобының қуаты	мегаватт/сағ

4.	Орнатылған сорғы жабдығының жиынтық қуаты	мегаватт/сағ
5.	II көтерілім сорғы станциясынан су беру кезіндегі есептік арын	м
6.	II көтерілім сорғы станциясынан су беру кезіндегі нақты арын	м
7.	Бір жылда көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемі	мың текше метр

Жүктерді контейнерлермен тасу, бос контейнерлерді тасу және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүктерді транзиттік тасу кезінде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық теміржол желілері саласында:

жүктерді контейнерлермен тасу және бос контейнерлерді тасу кезінде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық теміржол желілерін пайдалануға беру;

жүктерді контейнерлермен тасу және бос контейнерлерді тасу кезінде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, жылжымалы құрамды магистральдық теміржол желісі арқылы өткізуді ұйымдастыру;

жүктерді контейнерлермен тасу және бос контейнерлерді тасу кезінде магистральдық теміржол желілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық теміржол желісін пайдалануға беру және ол арқылы жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру;

жүк қозғалысында бір жылы ішінде көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін орындау;

инвестициялық бағдарламада көзделген іс-шараларды уақтылы орындау;

жолды күрделі жөндеу жоспарын орындау.

Бәсекелес теміржол болмаған кезде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдардың көрсетілетін қызметтерін ұсыну саласында:

бәсекелес теміржол болмаған кезде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол көлігінің объектілері бар теміржолдарды пайдалануға беру;

Бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдар саласында:

бәсекелес кірме жол болмаған кезде жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру;

бәсекелес кірме жол болмаған кезде маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру.

Р/с №	Құрылымдық параметрлер	Өлшем бірлігі
1.	Поездардың ең жоғары жол берілетін салмағы	тонна

2.	Жолаушылар поезддары қозғалысының ең жоғары жол берілетін жылдамдығы	километр/сағ
3.	Жүк поезддары қозғалысының ең жоғары жол берілетін жылдамдығы	километр/сағ
4.	Жүк қозғалысында бір жылда реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемі	т-километр
5.	Жолаушылар қозғалысында бір жылда реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемі	жолаушы-километр
6.	Жүк қозғалысы бойынша реттелетін қызметтің жыл ішінде көрсетілген көлемін орындау	-//-
7.	Инвестициялық бағдарламада іс-шараларды уактылы орындау	-//-
8.	Жолдың күрделі жөндеу жоспарын орындау	-//-

Портта көрсетілетін қызметтер нарығында бәсекелестік болмаған кезде порттар саласында:

кейіннен порттан шығып танкерге/танкерлерден құбырлар арқылы мұнайды және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу үшін кемеңің теңіз портына кіргені үшін (кемеңің кіруі) көрсетілетін қызметтер.

Р/с №	Құрылымдық параметрлер	Өлшем бірлігі
1.	Айлақтар саны	бірлік
2.	Айлақтарда кемелерді өндеудің бір жылдағы ең көп мүмкіндігі	бірлік/тәулігіне
3.	Реттеліп көрсетілетін қызметтің бір жылдағы көрсетілген көлемі	табиғи бірлік

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау саласында:

бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызмет;
мұнайды магистральдық құбыр жүйесі арқылы қайта айдау;
мұнайды теміржол цистерналарынан құйып алу;
мұнайды теміржол цистерналарына құю;
мұнайды танкерлерге құю;
мұнайды автоцистерналардан құйып алу;
мұнайды автоцистерналарға құю;
мұнайды сақтау;
мұнайды ауыстырып тиеу;

мұнайды араластыру.

Р/с №	Құрылымдық параметрлер	Өлшем бірлігі
1.	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар саны	мың тұтынушы
2.	Мұнай құбырларының жалпы ұзындығы	мың километр
3.	Барлық учаскелер бойынша орташа өткізу қабілеті	мың/тәулік
4.	Реттеліп көрсетілетін қызметтің бір жылда көрсетілген көлемі (жүк айналымы)	миллион т-километр

Тізбеге 2-қосымша
Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
6-қосымша
2-нысан

Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің ең аз тізбесі

Электр энергиясын желіге беруді техникалық диспетчерлендіру және тұтыну саласында:

электр энергиясын желіге беруді техникалық диспетчерлендіру және тұтыну.

№	Көрсеткіш	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтінімдердің санына қатынасы
2	Субъектінің электр энергиясын босатуға шектеу енгізу туралы тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы субъектінің тұтынушыларды алдын ала хабардар етуінің (тұтынушыларды хабардар еткен кезден бастап электр энергиясын босатуды нақты шектеуге дейін) жалпы ұзақтығының (сағаттармен) есепті жылы электр энергиясын босатудың барлық шектеулерінің санына қатынасы
3		Есепті жылы авариялық жағдайлар туындаған кезден бастап электр энергиясын босатуды қалпына келтірудің жалпы ұзақтығының (сағаттармен)

	Субъектінің электр энергиясын босату жүйесіндегі авариялық жағдайларға ден қою мерзімі	электр энергиясын босату жүйесіндегі барлық авариялық жағдайлардың санына қатынасы
4	Бір тұтынушыға шаққандағы қызмет көрсетуді тоқтатудың ұзақтығы	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатуларының жалпы ұзақтығының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы
5	Бір тұтынушыға шаққандағы қызмет көрсетуді тоқтатудың жиілігі	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатуларының жалпы санының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру саласында:
электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

№	Көрсеткіш	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтінімдердің санына қатынасы
2	Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетуді жоспардан тыс тоқтатудың ұзақтығы	Есепті жылы электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызмет көрсетуді жоспардан тыс тоқтатулардың жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылы осындай тоқтатулардың санына қатынасы
3	Субъектінің электр энергиясы учаскелері қималарына жүктеменің шамадан түсуіне алып келетін электр энергиясы теңгерімсіздігінің туындауы және қызмет көрсетуге арналған шартты біржақты бұзуы туралы тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы субъектінің тұтынушыларды (тұтынушыларды хабардар еткен кезден бастап электр энергиясы учаскелері қималарына жүктеменің шамадан түсуіне алып келетін электр энергиясының елеулі теңгерімсіздігінің нақты туындауына және қызмет көрсетуге арналған шартты біржақты бұзуына дейін) алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының (сағаттарда) есепті жылы субъектінің осындай

		шарттарды бұзуының барлық жағдайларының санына қатынасы
4	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққандағы ұзақтығы	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатуларының жалпы ұзақтығының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы
5	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққанда жиілігі	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатуларының жалпы санының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы

электр энергиясын беру саласында:

электр энергиясын беру.

№	Көрсеткіш	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Субъектінің электр желілеріне тұтынушылардың электр қондырғыларын қосуға және қосуға техникалық шарттарды беруге арналған тұтынушының өтінімін алған кезден бастап субъектінің өтінімді қарау мерзімі	Есепті жылы субъектінің электр желілеріне тұтынушылардың электр қондырғыларын қосуға және қосуға техникалық шарттарды беруге арналған тұтынушының өтінімін алған кезден бастап оны субъектінің қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтінімдердің санына қатынасы
2	Электр энергиясын беруді және (немесе) таратуды жоспардан тыс тоқтатудың ұзақтығы	Есепті жылы электр энергиясын беруді және (немесе) таратуды жоспардан тыс тоқтатудың жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерінде) есепті жылғы осындай тоқтатулардың санына қатынасы
3	Тұтынушылардың электр қондырғыларын субъектінің электр желілеріне қосуға арналған техникалық шарттардың уақтылы берілмеуіне тұтынушының шағымын субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың электр қондырғыларын субъектінің электр желілеріне қосуға арналған техникалық шарттардың уақтылы берілмеуіне тұтынушының шағымы бойынша субъект шешім қабылдаған өтініштер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай шағымдардың санына қатынасы
4		Бір жылда барлық қызмет көрсетуді (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатудың

	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққандағы ұзақтығы (SAIDI)	жалпы ұзақтығының абоненттердің жалпы санына қатынасы
5	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққанда жиілігі (SAIFI)	Бір жылда барлық қызмет көрсетуді (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатудың жалпы санының абоненттердің жалпы санына қатынасы

Тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау:

тауарлық газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау;

тауарлық газды магистральдық газ құбырлары арқылы тасымалдау;

Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін тауарлық газды газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау;

шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау.

№	Көрсетілетін қызмет сапасының көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының көрсетілетін қызметке қосылуға арналған өтінімін қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке қосуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтінімдердің санына қатынасы
2	Тұтынушыдан өтініш алған кезден бастап тұтынушыны көрсетілетін қызметке қосуға арналған техникалық шарттарды беру мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке қосуға арналған техникалық шарттарды беру туралы субъект шешім қабылдаған барлық өтініштер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтініштердің санына қатынасы
3	Қызмет көрсетудің жоспарлы тоқтауы туралы субъектінің	Есепті жылы субъектінің тұтынушыларды алдын ала хабардар етуінің (тұтынушыларды хабардар еткен кезден бастап қызмет көрсетуді жоспарлы тоқтатудың нақты басталуына дейін осындай тоқтатулардың

	тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі	санына) жалпы ұзақтығының (сағаттарда) есепті жылғы барлық осындай тоқтатулардың санына қатынасы
4	Тұтынушыдан өтініш алған кезден бастап тұтынушыны қызметке қосуға техникалық шарттардың уақтылы берілмеуіне тұтынушының шағымын қарау мерзімі	Есепті жылы техникалық шарттардың уақтылы берілмеуіне тұтынушылардың шағымын қарау бойынша субъект шешім қабылдаған барлық шағымдар субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай шағымдарының санына қатынасы
5	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққандағы ұзақтығы	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатуларының жалпы ұзақтығының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау саласында:

тұтынушыны енгізудегі кранға дейін топтық резервуарлық қондырғыдан газ құбырлары бойынша сұйытылған газды тасымалдау.

№	Көрсетілетін қызмет сапасының көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының көрсетілетін қызметке қосылуға арналған өтінімін қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке қосуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтінімдердің санына қатынасы
2	Тұтынушыдан өтініш алған кезден бастап тұтынушыны көрсетілетін қызметке қосуға арналған техникалық шарттарды беру мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке қосуға арналған техникалық шарттарды беру туралы субъект шешім қабылдаған өтініштері субъектінің атына келіп түскен кезден бастап оларды берудің жалпы

		ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтініштердің санына қатынасы
3	Субъектінің қызмет көрсетудің жоспарлы тоқтатылуы туралы тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы субъектінің тұтынушыларға алдын ала хабарлауының (тұтынушыларды алдын ала хабардар еткен кезден бастап қызмет көрсетуді жоспарлы тоқтату іс жүзінде басталғанға дейін) жалпы ұзақтығының (сағатта) есепті жылғы барлық тоқтатулардың санына қатынасы
4	Субъектінің тұтынушыға газ жеткізудің орташа тәуліктік нормасына дейін тұтынушының газды жеткізуін мәжбүрлеп шектеу туралы алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы субъектінің тұтынушыларды алдын ала хабардар етуінің (тұтынушыларды хабардар еткен кезден бастап газды жеткізудің орташа тәуліктік нормасына дейін газды тұтынушының жеткізуін мәжбүрлеп шектеу іс жүзінде басталғанға дейін) жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерінде) есепті жылғы барлық жеткізулерді шектеулердің санына қатынасы
5	Тұтынушыны көрсетілетін қызметке қосуға техникалық шарттарды уақытылы бермегені үшін тұтынушыдан өтінішті алған кезден бастап тұтынушының шағымын қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың техникалық шарттардың уақытылы берілмеуіне шағымдары субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай шағымдарының санына қатынасы

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында тауарлық газды сақтауды, тасымалдауды қоспағанда, тауарлық газды сақтау, жалғастырушы, магистральдық газ құбырлары және (немесе) газ тарату жүйелері арқылы тасымалдау, топтық резервуарлық қондырғыларды пайдалану, сондай-ақ шикі газды жалғастырушы газ құбырлары арқылы тасымалдау саласында:

тауарлық газды сақтау

№	Көрсетілетін қызмет сапасының көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
	Тауарлық газды сақтау жөніндегі көрсетілетін қызметке қол	Есепті жылы тұтынушылардың тауарлық газды сақтау жөніндегі субъектінің көрсетілетін қызметіне рұқсат алуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық

1	жеткізуге тұтынушының өтінімін қарау мерзімі	өтінімдері субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтінімдердің санына қатынасы
2	Тауарлық газды құюға және (немесе) сақтауға және (немесе) іріктеуге әсер етуі мүмкін туындаған төтенше және авариялық жағдайлар туралы субъектінің тұтынушыға ақпарат беру мерзімі	Есепті жылы тауарлық газды құюға және (немесе) сақтауға және (немесе) іріктеуге әсер етуі мүмкін туындаған төтенше және авариялық жағдайлар туралы субъектінің тұтынушыға ақпарат беру туралы субъект шешім қабылдаған кезден бастап субъектінің ол туралы ақпарат беруінің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) төтенше және авариялық жағдайлар туындаған барлық жағдайлардың санына қатынасы
3	Субъектінің қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелерді бұзуынан туындаған залалды өтеу туралы тұтынушының жолданымын субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелерді субъектінің бұзуынан туындаған залалды өтеу туралы жолданымдары бойынша субъект шешім қабылдаған жолданымдар субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың барлық жолданымдарының санына қатынасы
4	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққанда ұзақтығы	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатуларының жалпы ұзақтығының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы
5	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққанда жиілігі	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатулардың жалпы санының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы

Жүктерді контейнерлермен тасу, бос контейнерлерді тасу және Қазақстан Ресубликасының аумағы арқылы жүктерді транзиттік тасу кезінде магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық темір жол желілері саласында:

жүктерді контейнерлермен тасу, бос контейнерлерді тасу кезіндегі магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық теміржол желісін пайдалануға беру;

жүктерді контейнерлермен тасу, бос контейнерлерді тасу кезіндегі магистральдық теміржол желілерінің көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, жылжымалы құрамды магистральдық теміржол желісі арқылы өткізуді ұйымдастыру;

жүктерді контейнерлермен тасу, бос контейнерлерді тасу кезіндегі магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтерін қоспағанда, магистральдық теміржол желісін пайдалануға беру және ол арқылы жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру ;

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Субъектінің тұтынушының магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне рұқсат алуға арналған өтінімін алған кезден бастап осындай өтінімді қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне рұқсат алуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған өтінімдері субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтінімдердің санына қатынасы
2	Тұтынушының магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне рұқсат алуға арналған өтінімі берілген кезден бастап тұтынушыны мұндай өтінімнен бас тарту туралы хабардар ету мерзімі	Есепті жылы тұтынушының магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне рұқсат алуға арналған өтінімі берілген кезден бастап тұтынушыны мұндай өтінімнен бас тарту туралы хабардар етудің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы
3	Субъектінің қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша міндеттемелерін бұзу салдарынан туындаған залалдарды өтеу туралы тұтынушының жолданымын қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша міндеттемелерін субъектінің бұзу салдарынан туындаған залалдарды өтеу туралы жолданымдары бойынша субъект шешім қабылдаған жолданымдар субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай жолданымдарының санына қатынасы
4.	Негізгі құралдардың тозу деңгейін төмендету	---/

5.	Түйіспесіз жолдың ұзындығын арттыру	-//-
6.	Табиғи монополиялар саласындағы заңнаманы бұзу саны	-//-
7.	Тұтынушының магистральдық теміржол желісі қызметтеріне қол жеткізу үшін берген өтінімін субъектінің қарау мерзімдерін тұтынушы өтінімді ұсынған сәттен бастап сақтау	-//-
8.	Магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсету бойынша тасымалдаушылармен шарттар жасасу мерзімдерін сақтау	-//-
9.	Еңбекке жарамдылығын жоғалтумен байланысты жазатайым оқиғалар коэффициенті (есепке алынған) LTIR	-//-
10.	Қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін сақтау	-//-
11.	ESG рейтингіне сәйкес әлеуметтік тұрақтылық деңгейі.	-//-

Бәсекелес теміржол болмаған кезде теміржол көлігі объектілері бар теміржолдардың көрсетілетін қызметтерін ұсыну саласында:

бәсекелес теміржол болмаған кезде теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды пайдалануға беру.

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының теміржолдардың көрсетілетін қызметтеріне рұқсат алуға өтінімі берілген кезден бастап субъектінің тұтынушының мұндай өтінімін қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың концессия шарттары бойынша теміржолдардың көрсетілетін қызметтеріне рұқсат алуға барлық өтінімдері субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтінімдердің санына қатынасы
2	Субъектінің тұтынушыға поезды техникалық және/немесе коммерциялық қарап-тексеруге беру уақыты туралы алдын ала хабардар етуінің мерзімі	Есепті жылы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар етуінің (тұтынушылардың теміржолдарды пайдалануы басталғанға дейін) жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылғы барлық қарап-тексерулердің санына қатынасы
		Есептік жылы поездар қозғалысының бекітілген

3	Тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынудың поездар қозғалысының бекітілген графигінен ауытқуының ұзақтығы	графигінен тұтынушыларға көрсетілетін қызметті ұсынудың ауытқуының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылғы осындай ауытқулардың барлық жағдайларының санына қатынасы
---	--	--

Бәсекелес кірме жол болмаған кезде кірме жолдар саласында:

бәсекелес кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру;

маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекелес кірме жолы болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру.

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Субъектінің тұтынушының кірме жолдарға рұқсат алуға арналған жолданымын қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған жолданымдары бойынша субъект шешім қабылдаған барлық жолданымдар субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай жолданымдарының санына қатынасы
2	Субъектінің кірме жолдың көрсетілетін қызметін ұсынуды жоспарлы тоқтата тұру туралы тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар етуінің (тұтынушыларды хабардар еткен кезден бастап қызмет көрсетуді жоспарлы түрде тоқтата тұру нақты басталғанға дейін) жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылғы барлық жоспарлы тоқтатулардың санына қатынасы
3	Субъектінің қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелерді бұзу салдарынан туындаған залалдарды өтеу туралы тұтынушының жолданымын субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың қызмет көрсету шарты бойынша міндеттемелерді бұзу салдарынан туындаған залалдарды өтеу туралы жолданымдары бойынша субъект шешім қабылдаған жолданымдар келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай жолданымдарының санына қатынасы

Порттар саласында:

кейіннен порттан (кеме қатынасынан) шыға отырып, мұнай мен мұнай өнімдерін танкерге/танкерден/танкерлерге құбыржолдары бойынша ауыстырып тиеу үшін кемеңіз теңіз портына кіргені үшін көрсетілетін қызметтер.

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Танкерлердің порт акваториясындағы жүзуінің авариялық деңгейі	Есепті жылы порттың кінәсі бойынша тіркелген танкерлермен авариялық жағдайлар санының өткен жылы порт акваториясында тіркелген танкерлермен авариялық жағдайлар санына қатынасы
2	Кемелердің өтуі үшін арнаны беру ұзақтығы	Есепті жылы кемелердің айлаққа өтуі үшін арнаны беру уақытының көрсетілетін қызметті ұсыну ұзақтығының есептік көрсеткішіне қатынасы (365 күн табиғи-климаттық жағдайлар бойынша 30 күнді және жоспарлы жөндеуге 5 күнді шегере отырып)
3	Кемелердің кіруі қызметін көрсетудің сапасына қанағаттанушылық	Есепті жылы кеме иелерінен порттағы кемелердің кіруі көрсетілетін қызметтерінің сапасына келіп түскен шағымдары санының өткен жылы келіп түскен шағымдар санына қатынасы
4	Көрсетілетін қызметтің тиімділігі	Есепті кезеңде кемеңіз өңдеу уақытының өткен жылы кемеңіз өңдеу уақытына қатынасы (осы көрсеткіш бойынша серпін жаңа технологиялар енгізуге, техниканы жаңғыртуға, өндірістік процестердің автоматтандырылуына байланысты болуы мүмкін)

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге экспорттау мақсатында мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды қоспағанда, оларды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау саласында:

мұнайды магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер:

бірыңғай маршруттау бойынша операторлық қызмет;

мұнайды магистральдық құбыржолдар жүйесі бойынша қайта айдау;

теміржол цистерналарынан мұнайды төгу;

мұнайды теміржол цистерналарына құю;

мұнайды танкерлерге құю;

автоцистерналардан мұнайды төгу;
 автоцистерналарға мұнай құю;
 мұнайды сақтау;
 мұнайды ауыстырып тиеу;
 мұнайды араластыру.

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Субъектінің мұнайды (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдауды біржақты тоқтата тұру туралы тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы субъектінің мұнайды (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдауды біржақты тоқтата тұру туралы тұтынушыны хабардар етуінің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылғы осындай тоқтата тұрулардың санына қатынасы
2	Субъектінің қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша міндеттемелерді бұзуы салдарынан туындаған шығындарды өтеу туралы тұтынушының жолданымын карау мерзімі	Есепті жылы субъектінің қызмет көрсетуге арналған шарт бойынша міндеттемелерді бұзуы салдарынан туындаған шығындарды өтеу туралы тұтынушының жолданымы бойынша субъект шешім қабылдаған өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай жолданымдарының санына қатынасы
3	Авариялар нәтижесінде мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтқан жағдайда мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбыржолдар арқылы тасымалдауды авариялық тоқтатуға ден қою мерзімі	Есепті жылы авариялар нәтижесінде мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі қызметтер көрсетуді тоқтатқан жағдайда мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдауды тоқтатудың жалпы ұзақтығының (сағаттармен) есепті жылғы авариялық тоқтатулардың санына қатынасы
4	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққандағы ұзақтығы	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатуларының жалпы ұзақтығының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы

Топырақтың жылуын, жерасты суларын, өзендерді, су айдындарын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылысжайларының

сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау саласында:

жылу энергиясын өндіру

№	Көрсетілетін қызмет сапасының көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Субъектінің тұтынушыны жылу энергиясын өндіруді жоспарлы тоқтату туралы алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы субъектінің тұтынушыны алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерінде) (жылу энергиясын өндіруді жоспардан тыс нақты тоқтату басталғанға дейін) есепті жылғы барлық жоспарлы тоқтатулардың санына қатынасы
	Реттеліп көрсетілетін қызмет сенімділігінің көрсеткіші	
2	Жылу энергиясын өндіруді жоспардан тыс тоқтатулардың ұзақтығы	Есепті жылы жылу энергиясын өндіруді жоспардан тыс тоқтатулардың жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерінде) есепті жылғы осындай тоқтатулардың санына қатынасы
3	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққандағы ұзақтығы	Бір жылда қызмет көрсетудің барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатуларының жалпы ұзақтығының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы
4	Қызмет көрсетуді тоқтатудың бір тұтынушыға шаққанда жиілігі	Бір жыл ішінде қызмет көрсетуді барлық (жоспарлы және жоспардан тыс) тоқтатулардың жалпы санының тұтынушылардың жалпы санына қатынасы

Топырақтың жылуын, жерасты суларын, өзендерді, су айдындарын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылысжайларының сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау саласында:

жылу энергиясын беру және бөлу

№	Көрсетілетін қызмет сапасының көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Субъектінің тұтынушыны жылу энергиясын беруді және (немесе) бөлуді жоспарлы тоқтату туралы алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы субъектінің тұтынушыларды алдын ала хабардар етуінің (тұтынушыларды хабардар еткен кезден бастап жылу энергиясын беруді және (немесе) бөлуді нақты жоспарлы тоқтату басталғанға дейін) жалпы

		ұзақтығының (жұмыс күндерінде) есепті жылғы барлық жоспарлы тоқтатулардың санына қатынасы
2	Тұтынушының жылумен жабдықтауды тоқтату немесе жылу энергиясы сапасының аутқуы салдарынан берілген жылу энергиясы үшін төлем сомасын қайта есептеуге берілген өтініші берілген кезден бастап тұтынушының өтінішін субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың жылумен жабдықтауды тоқтату немесе жылу энергиясы сапасының аутқуы салдарынан берілген жылу энергиясы үшін төлем сомасын қайта есептеуге берілген өтініштері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық өтініштер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтініштерінің санына қатынасы
	Реттеліп көрсетілетін қызмет сенімділігінің көрсеткіші	
3	Бір объектіге шаққандағы қызмет көрсетуді тоқтатудың ұзақтығы	Бір жылда қызмет көрсетуді жоспардан тыс тоқтатудың жалпы ұзақтығының объектілердің жалпы санына қатынасы
4	Бір объектіге шаққандағы жоспардан тыс қызмет көрсетуді тоқтатудың жиілігі	Бір жылда қызмет көрсетуді жоспардан тыс тоқтатудың жалпы санының объектілердің жалпы санына қатынасы

топырақтың жылуын, жерасты суларын, өзендерді, су айдындарын, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және электр станцияларының, кәріздік-тазарту құрылысжайларының сарқынды суларын пайдалана отырып өндірілген жылу энергиясын қоспағанда, жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және (немесе) онымен жабдықтау саласында:

жылу энергиясымен жабдықтау

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Қызметке қосылу үшін тұтынушының жылумен жабдықтау шартын жасасуға өтінішін қарау мерзімі	Субъектінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетуге шарт жасасуға өтініштерді қарауының жалпы ұзақтығының (күнтізбелік күндерде) осындай өтініштердің санына қатынасы
2	Ұсынылған қызметтердің сапасының, оның ішінде ақы төлеуге берілген шоттардың мәселелері бойынша тұтынушылардың өтінімдеріне жауаптарды қарау мерзімі	Субъектінің ұсынылған қызметтердің сапасының, оның ішінде ақы төлеуге берілген шоттардың мәселелері бойынша тұтынушылардың жолданымдарын қарауының жалпы ұзақтығының (күнтізбелік күндерде) тұтынушылардың

		осындай жолданымдардың санына қатынасы
	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сенімділігі көрсеткіші	
3	Жылумен жабдықтау қызметтері үшін шоттарды қате берудің расталған фактілерінің саны	Жылумен жабдықтау қызметтері үшін шоттарды қате беру фактілерінің расталған саны
4	Көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтер үшін тұтынушылардан төлемдердің жиналуы	Басқа кірістерді шегерумен ақы төлеу сомасының есепке жазу сомасына қатынасы

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:
суды тарату желілері арқылы беру

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы
2	Тұтынушылардың объектілерін субъектінің сумен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттарды беруге өтініш алған кезден бастап тұтынушыға оны беру мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың объектілерін субъектінің сумен жабдықтау желілеріне қосуға техникалық шарттарды беруге өтініштері субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды беруінің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтініштердің санына қатынасы
3	Ақы төлемегені үшін көрсетілетін қызмет ұсынуды тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда, субъектінің тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды бір тәуліктен артық тоқтата тұру туралы тұтынушыны	Есепті жылы субъектінің ақы төлемегені үшін көрсетілетін қызмет ұсынуды тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда, субъектінің тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды бір тәуліктен артық тоқтата тұрған кезіне дейін тұтынушыны алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылы тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің ұсынылуының барлық тоқтатулары санына қатынасы
		Қызмет көрсетуді тоқтата тұру себебі жойылған кезден бастап

4	Қызмет көрсетуді тоқтата тұру себебі жойылған кезден бастап субъектінің тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды қалпына келтіру мерзімі	субъектінің көрсетілетін қызметті толық қалпына келтіруіне дейінгі жалпы ұзақтықтың (күнтізбелік күнмен) есептік жылғы осындай барлық тоқтата тұрулардың санына қатынасы
5	Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесі құрылысының жұмысында туындаған ақаулар туралы мұндай шағымды кәсіпорын кеңсесі арқылы жазбаша нысанда немесе диспетчерлік орталық арқылы ауызша нысанда алған кезден бастап тұтынушының шағымына субъектінің ден қою мерзімі	Субъект су бұру жүйесі құрылысының жұмысында туындаған ақаулар туралы тұтынушылардың шағымдарын алған кезден бастап осы құрылыстың жұмысы толық қалпына келтірілген кезге дейін жалпы ұзақтықтың (ауызша жүгінген кезде сағаттармен және жазбаша жүгінген кезде жұмыс күнімен) есепті жылы келіп түскен осындай барлық шағымдардың санына қатынасы
6	Тұтынушының есепке алу аспаптарының жұмысында туындаған ақаулар туралы шағымы түскен кезден бастап субъектінің осындай шағымға ден қою мерзімі	Субъект есепке алу аспаптарының жұмысында туындаған ақаулар туралы тұтынушылардың шағымын алған кезден бастап осы аспаптың жұмысы толық қалпына келтірілген кезге дейінгі жалпы ұзақтықтың (сағаттармен) есепті жылы келіп түскен барлық шағымдардың санына қатынасы

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:
сарқынды суларды бұру.

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы
2	Тұтынушыдан өтініш алған кезден бастап тұтынушының объектілерін субъектінің су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық шарттардың тұтынушыға берілу мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың объектілерін субъектінің су бұру желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру бойынша субъект шешім қабылдаған өтініштер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс

		күндерімен) тұтынушылардың осындай өтініштерінің санына қатынасы
3	Тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру туралы субъектінің тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы субъектінің тұтынушыны алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) (тұтынушыларды хабардар еткен кезден бастап қызмет көрсетуді нақты тоқтата тұрғанға дейін) есепті жылы осындай тұтынушыларға көрсетілетін қызметті ұсынудың барлық тоқтата тұруының санына қатынасы
4	Қызмет көрсетуді тоқтата тұру себептері жойылған кезден бастап субъектінің тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды қалпына келтіру мерзімі	Көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру себептерін жойған кезден бастап субъектінің қызмет көрсетуді толық қалпына келтіруіне дейінгі жалпы ұзақтықтың (жұмыс күндерімен) есептік жылғы осындай тоқтата тұрулардың санына қатынасы

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:

суды магистральдық құбыржолдары арқылы беру;

суды арналар арқылы беру.

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы
2	Тұтынушыдан өтініш алған кезден бастап тұтынушылардың объектілерін субъектінің сумен жабдықтау желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды тұтынушыға беру мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың объектілерін субъектінің сумен жабдықтау желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды тұтынушыға беру туралы субъект шешім қабылдаған барлық өтініштер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) осындай өтініштердің санына қатынасы

3	Ақы төлемегені үшін көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда, тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды бір тәуліктен астам тоқтата тұру туралы субъектінің тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі.	Есепті жылы ақы төлемегені үшін көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру жағдайларын қоспағанда, тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды бір тәуліктен астам тоқтата тұру туралы субъектінің тұтынушыны алдын ала хабардар ету мерзімі (жұмыс күндерімен) есепті жылы тұтынушыларға көрсетілетін қызметті ұсынуының барлық тоқтата тұруларының санына қатынасы
4	Көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру себебі жойылған кезден бастап субъектінің тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды қалпына келтіру мерзімі	Көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру себебі жойылған кезден бастап субъектінің көрсетілетін қызметті ұсынуды қалпына келтіргеніне дейінгі жалпы ұзақтығының (күнтізбелік күнмен) есепті жылғы осындай барлық тоқтата тұрулардың санына қатынасы
5	Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесі құрылысының жұмысында туындаған ақаулар туралы шағымды кәсіпорын кеңсесі арқылы жазбаша нысанда немесе диспетчерлік орталық арқылы ауызша нысанда алған кезден бастап субъектінің тұтынушының осындай шағымына ден қою мерзімі	Субъектінің су бұру жүйесі құрылысының жұмысында туындаған ақаулар туралы тұтынушылардың шағымдарын алған кезден бастап осы құрылыстың жұмысын толық қалпына келтірген кезге дейінгі жалпы ұзақтығының (ауызша жүгінген кезде сағат және жазбаша жүгінген кезде жұмыс күні) есепті жылы келіп түскен осындай шағымдардың барлығының санына қатынасы

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында:

тіреуіш гидротехникалық құрылыстардың көмегімен жер үсті ағынын реттеу;
ағынды суларды тазалау.

№	Реттеліп көрсетілетін қызметтің сапа және сенімділік көрсеткіші	Көрсеткіштің есеп-қисабы формуласы
1	Тұтынушының көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімін субъектінің қарау мерзімі	Есепті жылы тұтынушылардың көрсетілетін қызметке рұқсат алуға арналған өтінімдері бойынша субъект шешім қабылдаған барлық өтінімдер субъектінің атына келіп түскен кезден бастап субъектінің оларды қарауының жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) тұтынушылардың осындай өтінімдерінің санына қатынасы

2	Тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру туралы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар ету мерзімі	Есепті жылы тұтынушыны субъектінің алдын ала хабардар етуінің жалпы ұзақтығының (жұмыс күндерімен) есепті жылы тұтынушыларға қызмет көрсетуді барлық тоқтата тұру санына қатынасы (тұтынушыларды хабардар еткен кезден бастап қызмет көрсетуді нақты тоқтатата тұруға дейін)
3	Қызмет көрсетуді тоқтата тұру себептері жойылған кезден бастап тұтынушыға көрсетілетін қызметті ұсынуды субъектінің қалпына келтіру мерзімі	Көрсетілетін қызметті ұсынуды тоқтата тұру себептері жойылған кезден бастап субъектінің қызмет көрсетуді толық қалпына келтіруіне дейінгі жалпы ұзақтықтың (жұмыс күндерімен) есепті жылғы осындай тоқтата тұрулардың санына қатынасы